Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша 2026 жылғы 14 мамыр мен 26 маусым аралығында жүргізілген талдамалық

АНЫҚТАМА

Түркістан қаласы
07.07.2026 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау *(бұдан әрі – ішкі талдау)* жүргізілген бақылау объектісінің атауы: *«Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі.*

Ішкі талдау жүргізілген, бақылау іс-шарасын тағайындау туралы бұйрығының жасалған күні мен нөмірі: *«Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекеме басшысының 17.04.2026 жылғы №863-н/қ бұйрығы.*

Ішкі талдау жүргізілген күні, орны және кезеңі:

Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, №32 көшесі №20 ғимарат.

Талдау жүргізу кезеңі: 2025 ж – 2026 жыл 6-айы.

Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Басқарманың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Басқарманың қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында келесі міндеттер бойынша талдау өткізілді.

Есептік кезеңде басқармамен дайындалған нормативтік-құқықтық актілер:

«Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы №135 «Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ережелерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы;

«Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы;

«Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қарашадағы №228 «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы;

НҚА сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау мақсатында құқықтық сараптамаға:

-2022 жылы Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетіне *(«Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы №135 «Облыстық*

бюджетпен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ережелерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» және «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» Түркістан облысы әкімдігінің қаулылары) жолданды.

-2023 жылы Ғайрат Сапарғалиев атындағы мемлекеттік және құқық ғылыми зерттеу институтына *(«Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қарашадағы №228 «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы)* жолданды.

Жобаның нақты ережелері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың ұсынымдары мен ескертулері жойылған.

Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сонымен қатар, жұмыс тобы келесіні анықтады:

1. Жағдай: Қағиданың 275-тармағына сәйкес, конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған жағдайда жеңімпаз мынадай кезектілікпен айқындалады:

1. Қаржылық орнықтылық көрсеткіші жоғары қатысушы;
2. Егер ол тең болса – ағымдағы қаржы жылында сатып алу нысанасына сәйкес жасалған шарттардың жалпы сомасы аз қатысушы;
3. Ол да тең болса – қолданыстағы шарттарының саны аз қатысушы;
4. Барлық көрсеткіштер тең болған жағдайда – конкурсқа өтінімді бұрын жолдаған қатысушы.

Іс жүзінде техникалық қадағалау қызметі, ағымдағы жөндеу жұмыстары, жобаларды басқару, қала құрылысы жұмыстары бойынша конкурстарда әлеуетті өнім берушілер максималды көрсеткіштерге ие болып, жеңімпаз көбіне өтінімді ең бірінші болып жіберген қатысушы болып танылады.

Мониторинг барысында кейбір жеңімпаздардың өтінімді қабылдау басталғаннан кейін небәрі 10–20 секунд ішінде жолдайтыны анықталды. Мұндай қысқа уақыт ішінде өтінімді рәсімдеу және жіберу іс жүзінде өте қиын.

Тәуекел: Бұл өтінімдерді арнайы программисттермен сөз байласу арқылы автоматтандырылған бағдарламалар (боттар) арқылы жіберу ықтималдығын көрсетеді.

Ұсыныс: Осыған орай, барлық көрсеткіштер тең болған жағдайда конкурсқа өтінімді басқалардан бұрын жолдаған әлеуетті өнім беруші жеңімпаз атанады деген талапты жойып, өзге бәсекелестік тудыратын талаптар орнату ұсынылады.

Атап айтқанда, алдыңғы жылы сатып алу нысанасына сәйкес жасалған шарттардың жалпы сомасы аз қатысушы.

2. Жағдай: Басқармамен 2025 жылы Ветеринария басқармасына жылқы сақауына қарсы вакцинаны сатып алу 8 рет өткізіліп, конкурстар өтпеді деп танылған.

Барлық конкурстарға 2-3 өнім берушілер қатысқан. Оның ішінде 1 ғана өнім берушінің тауары сәйкес деп танылған. Алайда басқа қатысушылардың өнімдері конкурстық құжаттамаға сәйкес келмеуіне байланысты 2025 жылғы қараша айына дейін барлық 8 конкурс өтпеді деп танылған.

Тәуекел: Тапсырыс берушіге қажетті тауарлар жеткізілмеді, жылқы сақауы дертін алдын алу қамтамасыз етілмеді.

Ұсыныс: Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығына толықтыру енгізу: екінші рет қайта өткізілетін конкурсқа бірнеше өнім беруші қатысқан жағдайда, бәсекелестік ортада 1 ғана өнім берушінің конкурстық құжаттамасы сәйкес келген жағдайда, конкурс жеңімпазын анықтауды қалыптастыру.

Бұл кезекте, ұсынылатын тауары мен конкурстық құжаттамасы сәйкес келетін өнім берушінің ауыртпашылығын азайтады.

Сонымен қатар, вакцина сынды тауарлардың жарамдылық мерзімдері болуына байланысты (көбіне 1 жыл), конкурс процедурасының жылдамдығына әсер етеді.

3. Жағдай: «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес, конкурстық құжаттаманы бекітудің міндетті негізгі шарты әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау рәсімі болып табылады. Бұл рәсімнің мақсаты — конкурс түпкілікті басталғанға дейін артық талаптар мен қателіктерді анықтап, оларды заң аясында түзету.

Бүгінгі таңда, әлеуетті өнім берушілер тарапынан алдын ала талқылауға веб-портал арқылы 1 конкурсқа 5-10 мыңға жуық ескертулер мен сұрақтар келіп түсуде.

Атап айтқанда, әлеуетті өнім берушілер тарапынан автоматтандырылған жүйелерді (боттарды) қолдану арқылы тек 1 конкурсқа бір мезетте 5000 - нан астам ескертулер келіп түсуде (1 сұрақ 500 немесе 1000 рет қайталануда). Мұндай бұрын-соңды болмаған ауқымды хабарламаларды белгіленген мерзімде сапалы өңдеу және уәжді жауаптар дайындау объективті түрде қосымша уақытты талап етеді.

Тәуекел: Веб-порталда автоматтандырылған жүйелер (боттар) арқылы 5–10 мың қайталанатын ескертулердің жаппай түсуі «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңына сәйкес 2 жұмыс күндік мерзімде жалғыз конкурстық комиссия хатшысының уәжді жауап әзірлеуіне физикалық тұрғыдан мүмкіндік бермейді. Бұл лауазымды тұлғаға әкімшілік айыппұл салыну, сатып алу рәсімдерінің негізсіз созылу және бөлінген бюджет қаражатының белгіленген мерзімде игерілмей қалу (бюджеттік заңнаманың бұзылуы) тәуекелін тудырады.

Ұсыныс: ҚР Қаржы министрлігіне бір әлеуетті өнім берушіге (бір БИН/ЖСН-ге) бір конкурс шеңберінде жолдай алатын ескертулерінің ең көп санын 1 сұрақтан асырмау жөнінде шектеу ұсынысын жолдау. Сондай ақ, портал деңгейінде мәтіні 80-90% ұқсас келетін немесе бірдей сұрақтарды автоматты түрде қабылдамайтын сүзгі (фильтр) орнату.

Сонымен қатар, егер ескертулердің жаппай түсуіне байланысты техникалық форс-мажор немесе спам-шабуыл фактісі расталса, конкурстық комиссия хатшысын мерзімді бұзғаны үшін ӘҚБтК (КоАП) бойынша әкімшілік жауапкершіліктен босату нормасын енгізу.

4. Жағдай: Аудандық білім бөлімдерінен келетін қызметтерге бірыңғай типтік біліктілік талаптарын бекіту (мысалы: Қарауыл қызметіне бекітілген). Сол секілді оқушыларды тасымалдау, жазғы лагерь қызметі, тамақтану ұйымдастыру және т.с.с. қызметтерге бірыңғай біліктілік талаптар дайындау.

Тәуекел: Тапсырыс берушілер артық немесе мүлдем талаптарды қоймауынан конкурстар өтпеді болып танылуы және қызметтердің біліктілігі жоқ әлеуетті өнім берушілер ұтып алып орындамауын, сапасыз орындаудың алдын алу.

Ұсыныс: 1) Материалдық ресурстар: тасымалдау көлемі мен маршруттарына сәйкес келетін қажетті сандағы және жолаушылар сыйымдылығындағы автобустар және (немесе) шағын автобустар; көлік құралдарының Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі және балаларды қауіпсіз тасымалдау саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігі; әрбір бала үшін жеке отыратын орынның болуы; көлік құралдарының «Балаларды тасымалдау» айырым белгілерімен және өзге де міндетті жабдықтармен жарақтандырылуы.
2) Еңбек ресурстары: заңнамада белгіленген жас шамасы, жүргізуші куәлігінің санаты және еңбек өтілі талаптарына сәйкес келетін жүргізушілер; заңнамада көзделген жағдайларда жол қозғалысы қауіпсіздігі мен көлік құралдарын пайдалануға жауапты тұлғалар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген:

Басқарма басшысының орынбасары,
жұмыс тобының жетекшісі Н.Жанабергенов

Басқарма басшысының орынбасары,
топ мүшесі Д.Байдалиев

Қызметтерді мемлекеттік сатып алуды
ұйымдастыру және мемлекеттік сатып
алуға мониторинг жүргізу бөлім
басшысы, топ мүшесі А.Абуов

Жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру бөлім басшысы, топ мүшесі — А.Сейдімұрат

Тауарларды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру бөлімінің басшысы, топ мүшесі — М.Сламханов

Қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және мемлекеттік сатып алуға мониторинг жүргізу бөлімінің бас маманы — Қ.Асқар